



Инфляциялық үрдістер

Наурыз 2021

- Жылдық жалпы және азық-түлік инфляциясының баяулауы
- Бензиннің қымбаттауы аясында азық-түлікке емес инфляцияның жеделдеуі
- Коммуналдық қызметтерге тарифтерді төмендеуі
- Өнеркәсіпте бағаның өсуінің жеделдеуі

2021 жылғы наурызда **инфляция** 0,6%-ды құрады, жылдық мәнде 7,0%-ға дейін баяулады. Алдыңғы айлардағыдай, инфляцияның азық-түлік компоненті инфляцияға максималды үлес қосуды жалғастыруда. Сонымен қатар, азық-түлік тауарларына жылдық өсу қарқыны ақпан айында 11,6%-дан наурыз айында 10,7%-ға дейін баяулады, бұл көбінесе коронавирустық пандемия жағдайында азық-түлік бағасының айтарлықтай өсуі аясында өткен жылдың жоғары айлық мәндерін есептен алу нәтижесінде байқалды.


Азық-түлік инфляциясының құрылымында жеміс-көкөніс өнімдеріне (13,2%-дан 9,5%-ға дейін), нан-тоқаш өнімдеріне (10,5%-дан 10,0%-ға дейін), ет өнімдеріне (8,6%-дан 8,0%-ға дейін), қантқа (39,1%-дан 30,2%-ға дейін) бағаның өсу қарқынының баяулауы байқалды. Майлар мен майлардың бағасы 24,7%-ға дейін біршама жылдамдады, бұл ретте күнбағыс майының одан әрі қымбаттауы жалғасты (44,3%, ж/ж). Азық-түліктің әлемдік бағасы наурыз айында жоғарлап, максимумдарды жаңартты, соның ішінде өсімдік май, ет және сүт өнімдеріне бағаның өсуі байқалды.

1-график. Азық-түлік инфляциясы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2-график. Азық-түлік инфляциясы



Азық-түлік емес жылдық инфляция 5,6%-ға дейін (2021 жылғы ақпанда-5,2%) жеделдеді. Бензин бағасы ұсыныстың төмендеуі (өндірістің қысқаруы) аясында бір айда 4,9%-ға айтарлықтай өсім көрсетті. Бензин бағасының жылдық өсімі 2,4%-ды құрады. Сонымен қатар, тұрмыстық құралдар бағасының тарихи рекордтық айлық төмендеуі тіркелді (-1,9%).

Ақылы қызметтер бағасының жылдық өсуі 2021 жылғы наурызда коммуналдық қызметтер тарифтерінің төмендеу үрдісінің жалғасуы нәтижесінде 3,7%-ға дейін (2021


жылғы ақпанда-4,1%) баяулады. Реттелетін коммуналдық қызметтер жылдық мәнде 0,4%-ға арзандады. Сонымен қатар, көлік және байланыс қызметтері бағасының өсуі баяулады.

2021 жылғы наурызда негізінен шикі мұнай бағасының өсуі есебінен ішкі (2,4%) және шетелдік нарықтарға (11,4%) жіберілген **өнеркәсіп өнімі** бағасының едәуір айлық өсуі байқалды. Тұтыну тауарларының, атап айтқанда тамақ өнімдерінің, сондай-ақ мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің қымбаттауы жалғасты. Азық-түлік өнімдерінің өндірісі жылдық мәнде 13,5%-ға қымбаттады. Наурызда күнбағыс майы, қант, макарон өнімдері мен шайға бағалары өсті.

Ауыл шаруашылығы өнімі наурыз айында 0,7%-ға, жылдық мәнде 16,4%-ға қымбаттады. Атап айтқанда, майлы тұқымдардың, қатты бидайдың қымбаттауы тіркелді.

2021 жылдың ақпан-наурыз айларында ішкі өндірушілерден сатып алынған ресурстардың қымбаттауы көбінесе отандық өнімдерге қатысты болды.

3-график. Аыл шаруашылығы бағалары



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

4-график. Өнеркәсіп бағалары



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ